

мәдени, және саяси тарихында Алаш зиялыларының орны ерекше. Оны Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында ерекше атап өтті: «Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды... Олардай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұраларын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек». Ендеше біздің ойымызша, Алаш арыстарының асыл мұраларын игеру, өміршең идеяларын жас ұрпаққа жеткізу жалғаса беруі тиіс.

Алаш арманы – бүгінгі тәуелсіз Қазақстан, Алаш идеясы – ұлттық идеология, ол отаншылдыққа, мемлекетшілдікке, бірлікке үндейді. Тәуелсіз еліміздің болашағы жарқын, экономикасы мықты болуы үшін әрқайсымыз Алаш зиялыларының отансүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін, білімі мен танымын, өресі мен өрлігін бойымызға сіңіруіміз қажет.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан: мемлекеттілік кезеңдері. Конституциялық актілер – Казахстан: этапы государственности. Конституционные акты / Құраст. Ж. Бәйішев. – Алматы: Жеті жарғы, 1997.
2. Тұғыры биік тұлға - /С.Сейфуллин туралы зерттеулер, естеліктер, мақалалар. – Алматы: Үш қиян, 2002.
3. Бейсенбекова Н.А. Әлихан Бөкейханов – ұлт мақтанышы: монография - Қарағанды, 2006. – 198 б.
4. <https://khabar.kz/kk/news/sayasat/item/131937>
5. «Тарих толқынында». Алматы: Атамұра, 1999

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ РЕПРЕССИЯЛАРДЫҢ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЕГІЗІ

Әжімахан Н.М., МО-22-1к тобының студенті, 3 курс  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

*Ғылыми жетекші* – Кенжеғали Ж.М., қауымдастырылған профессор  
[nuraimazhimakhan@gmail.com](mailto:nuraimazhimakhan@gmail.com)

Мақалада ХХ ғасырдың 20–50-жылдарындағы Қазақстан аумағындағы саяси репрессиялардың тарихи-саяси негіздері мен қазақ саяси элитасына тигізген ықпалы қарастырылады. Алаш қозғалысы өкілдерінің қызметі мен тоталитарлық режим тарапынан жаппай қуғын-сүргінге ұшырауы талданады. Сонымен қатар, тәуелсіздік жылдарындағы тарихи әділеттілікті қалпына келтіру үдерістеріне де назар аударылған.

Мақала жазу барысында біз келесі тарихи-саяси талдау әдістеріне сүйендік. Нақтырақ айтқанда: салыстырмалы тарихи әдіс - түрлі уақыт кезеңдеріндегі саяси қуғын-сүргін сипатын салыстыру арқылы құрылымдық өзгерістерді анықтау; контент-талдау заманауи дереккөздерді мазмұндық тұрғыда зерттеу; тарихи-деректік әдіс - ресми және бейресми дереккөздерді талдау арқылы оқиғаларға объективті баға беру барысында үлкен көмек берді.

Зерттеу барысында сапалық тәсіл басымдыққа ие, яғни репрессияға ұшыраған тұлғалардың өмірбаяндары мен еңбектері жеке дара қарастырылды.

Қазақстан халқы, бүкіл ел сияқты, саяси репрессиялардың салдарынан көп шығынға ұшырады. Ұлттық саясаттың реформациясы, ұлттық этникалық және негативті саяси-экономикалық факторлардың тоғысуынан республикада саяси шиеленістердің туындауына алып келді. 1980 жылдың аяғы 1990 жылдың басында КСРО да, соның ішінде Қазақстанда да

демократизация белең ала бастады. Соның нәтижесінде уақытында күштеп жер аударылған, репрессияға ұшыраған халыққа байланысты құжаттарды құпиясыздандыру басталды.

Қазақстан Республикасының Президентінің бұйрығымен 1996 жылдың 30 желтоқсаны күні 1997 жыл республикамызда жалпыхалықтық келісім мен саяси репрессия жылдарының құрбаны болған тұлғаларды мәңгілік есте қалдыру жылы және 31 мамыр саяси репрессия құрбандарын еске алу күні болып жарияланды. Осы жылдар аралығында мемлекет саяси репрессия құрбандарын ақтап алу үшін бірнеше заңдар шығарды, «Саяси репрессия құрбандарын еске алу Кітабы» жарық көрді [1].

Саяси репрессиялардың салдарынан қазақ халқы өзінің ең белсенді интеллектуалдық әлеуетінен айырылды. Бұл - ұлттық сананың тежелуіне, мәдени және рухани деградацияға алып келді. Халық жадында бұл оқиғалар ұзақ уақыт бойы жабық тақырып болды. Тек тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолдары ашылды.

1993 жылы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР заңы қабылданып, қуғын-сүргінге ұшыраған мыңдаған азамат ақталды. Түрлі әдебиеттерді зерттей келе, Қазақстандағы саяси репрессияның бірнеше кезеңдерін анықтауға болатындығын байқадық, мысалы :1917 жылдың қазаны мен 1920 жылдар аралығы.Бұл ұлттық интеллигенцияға байланысты репрессия («Алаш», «Исламия»«Алаш орда», «Түрскітани Мухтарият»); 1920 -1930 жылдар аралығы. Қазақстанда кеңес билігін құрған партиялық кеңестік элитаға және Ф.И.Голощекиннің «Кіші Қазан» саясатына қарсы шыққан жас коммунистерге байланысты (Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, С.Мендешев т.б.); 1920 жыл аяғы мен 1930 жылдың басында күштеу мен жүрген ұжымдастыруға байланысты; 1930 жылдары «зияндығы» және «сатқындықтары үшін» техникалық кадрларға қарсы репрессия («Балқаш ісі», «Шахтерлық іс»); 1937 - 1938 жылдардағы көпшілік саяси репрессия («Үлкен террор»). Халықтың бар санатына арналған репрессия; 1930 жыл ортасынан 1940 жылдың аяғына дейін. Қазақстандағы түрлі ұлттар( поляк, неміс, корей,ингуш,шешен,қырым қазақтары т.б.) депортациясына байланысты репрессия; 1940 жылдың басы мен 1950 жылдың басындағы қазақ интеллигенциясына (Бекмаханов, Исмайылов, Әуезов т.б.), гитлер лагерінде болған барша әскерилерге қарсы репрессия.

Жоғарыда аталған барлық репрессияға тән ортақ қасиет:

1. Саяси шешімдердің құрылымының үндестігі және оларды кеңестік арнайы қызметтердің іске асыруы.
2. Репрессиялар өте қарапайым түрде соттан тыс ұйымдардың қатысуымен өтуі.
3. КСРО да репрессияға ұшыраған халықтар санатының анықталып, аумақтарда олардың санына шектеу қойылуы.
4. Репрессияланған ұйымдардың штаттарының аяқасты көбеюі.
5. Күштеп жұмысқа жегу жүйесі құрылды (еңбек түзету лагерлері, түрмелер, колониялар, арнайы контингенттердің құрылуы).
6. «Жаулармен» күресу үшін идеологиялық насихаттық кампаниялардың құрылуы.
7. Элитаны ауқымды алмастыру және оны ротацияландырудың шартына байланысты репрессияларды іске асыру. Бұған партиядан шығару, қызметтен аластау, жер аудару, итжеккенге айдау, бас бостандығынан айыру және жазалаудың ең жоғары сатсын пайдалану кірген.

Партиялық ұйымдарда жаппай тазарту жүріп жатты. Кінәлаудың ең басты бөлімі троцкизмге қатысы бар болуы, сталиндік репрессия, сталиндік жүйе бойынша олар моральдік және физикалық жоюға жататын. 1921 жылы Қазақстандағы алғашқы тазартуда партия қатарынан жиырма мыңнан астам, 1929-1930 жылдарда 5,8, 1935 жылы -15,4 мың адам шығарылды. 1937-1938 жылдардағы репрессияда 9223 коммунист алшақтанды. Жағдайды «ауылды кеңестендіру» шешімі күрт өзгертіп жіберді. «КішіҚазан» идеологиясын іске асыру барысында 1937 - 1938 жылдардағы қазақ халқының жұтшылық пен кедейленуіне, күштеп ұжымдастыру мен жаппай репрессияға алып келді.

1928 жылы жалған кінәлау арқасында «Алаш Орданың» байырғы қайраткерлері М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Ғаббасов, А.Байтұрсынов сынды 44 адам қамауға алынады. Кейінгі жылдары ұлттық интеллигенцияның құрамындағы М.Тынышбаев, Ж.Ақпаев, Х. Досмухамедов, Ж. Досмухамедов т.б. қамауға алынады. Жалпылама саяси репрессия Қазақстан тарихындағы ең бір қайғылы беттерге айналды. Орталық Қазақстанда ГУЛАГ тың ең ірі лагерь Қарағанды лагерьі (Карлаг) орналасқан.

Оның аумағы 1,780 млн гектар жерді алып жатты. Қазақстан алғашқы жеті лагерь аумағы болып шыға келді.ГУЛАГ тың жүйелік есебіне Қазақстанның тоғыс облысы кірді.

Бір сөзбен айтқанда, республикамыз үлкен түрмеге айнала бастайды. 1928-1934 жылдары жалпылама террордың репрессиялық механизмін құруға ауқымды жұмыстар жүреді. Ең ауыр жазалар іске асады. Репрессия кездейсоқ болған жоқ, ол « теориялық дәлелденген», акциялармен өте мұқият әзірленген. 1929-1933жылдары 9085 іс қаралып, 22933 адамға үкім шығарылған, 3386 адам ату жазасына, 3386 адам үш жыл мен он жыл аралығындағы концлагерьлерге тоғытылған. Алаш партиясының мүшелерін саяси қуғындау күшейе түсті. Республика мен адам құқығына қол сұғыла бастады. Репрессия құрбаны болып енді тек большевиктердің белсенді саяси қарсыластары ғана емес, саясаттан басын алып қашқан кез келген адамдар да ұшырай бастады. Репрессиялар әлеуметтік белгісі бар адамдар (байырғы полицейлер, жандармдар, патша өкіметі шенеуніктері, шіркеу қызметкерлері, қызметкерлер) арасында да жүріп жатты.

Репрессияның алғашқы санаты бойынша (ату жазасы) 1650 адам жоспарланды. Соның ішінде Алматы облысынан үш жүз адам, Оңтүстік Қазақстан, қазіргі Түркістан, Ақтөбе облысынан жүз елу, Қостанай мен Солтүстік Қазақстан облысынан екі жүз , Шығыс Қазақстан облысынан төрт жүз, Қарағанды облысынан екі жүз елу, екінші санат (түзету лагерьлеріне он жыл) – 2600 адам, соның ішінде Алматы облысынан бес жүз адам, Оңтүстік Қазақстан, қазіргі Түркістан, Ақтөбе облысынан үш жүз, Қостанай мен Солтүстік Қазақстан облысынан бес жүз елу , Шығыс Қазақстан облысынан үш жүз елу адам есепке алынады.

Кей құжаттарда резерв графасында тұрған сандар да тізілген, ол бойынша бірінші санат бойынша үш жүз елу, екінші санат бойынша төрт жүз адам жоспарға қойылған.

Репрессияның алғашқы санатына «жау» элементтері жатты. Олар ату жазасына бұйырылды. Екінші санатқа «орта деңгейдегі жау элементтері» жатқызылды. Оларды сегіз, он жыл аралығында лагерьлерге жіберді. Жаза тез арада іске асырылды және шешімнің іске асар орны мен уақыты қатаң құпияда сақталды. Кезек енді репрессияға ұшыраған тұлғалардың жарларына да келді.

40-50 жылдардағы Қазақстандағы репрессиялар идеология майданын дүр сілкінтті. Ол ғылым, әдебиет, өнер саласын қамтыды. Ұлттық элитаның арасындағы «буржуаздық ұлтшылдық» тезисі пайда болды [2,79 б.]. Саяси репрессияға А.Жұбанов, Б.Сүлейменов, Қ.Аманжолов, Қ.Сәтпаев, Т.Тәжібаев, М.Әуезовтер ілінді. НКВД қызметкерлері 183 ұйымнан 3720 адамды «әшкереледі». 1920 жылдан 1953 жылдар аралығында 110000 адам саяси репрессияға ұшырап, қазақстандық партия ұйымының 18% халық жауы атанды.

Сол жылдары есімдері тасқа ойып жазылуға лайықты тұлғаларымыздың өмірін де зерттеп, тереңірек тарихына үңілуге тырыстым. Соның бірі биыл 130 жылдығын тойлағалы отырған жерлесіміз Нығмет Нұрмақов.

XX ғасырдың басы - қазақ халқының тарихындағы аса күрделі де қайшылықты кезеңдердің бірі. Бұл кезеңде отарлық езгінің күшеюі, ұлттық сана-сезімнің оянуы, қоғамдық-саяси қозғалыстардың белсенділік алуы байқалды. Осы кезеңде тарих сахнасына шыққан қазақ саяси элитасы елдің тағдырын шешетін маңызды істерге араласты. Солардың қатарында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақовтың орны ерекше. Ол кеңестік билік тұсында жоғары лауазымды қызметтер атқарып, қазақ халқының мүддесін қорғауға тырысты.

Осынау кезеңдегі күрестің көшбасында ұлттымыздың таңдаулы тұлғалары тұрды. Егер төңкеріске дейіп ақ езілген жұртының санасына сәуле түсіріп, оятқан, азаттық жайлы идеяның негізіп қалап бағыттаған Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейхановтардың ісі деп

білсек, ізінше ұлт азаттық күресте, төңкерістердің аласапыранында қалыптасып, шынығып, айқындалып, саяси сахнаға көтерілген Т.Рысқұлов, С.Садуақасов, С.Қожанов, Ж.Мыңбаев, Н.Нұрмақов секілді қылшылдаған қайратты жастарды көреміз. Алдындағылар негізінен ағартушылық, саяси идеялық қызметімен еліміздің болашақ даму жолын саралап берген болса, кейінгілер кеңес билігі шеңберінде ұлттық мұрағаттарды жүзеге асыруда бар күш жігерін, өмірін сарп етті. Олар жоғалтып алған мемлекеттік белгілерімізді калпына келтіріп, Қазақстанның шынайы тәуелсіздігінің негізін қалауға орасан, зор күш жұмсады. Бөлшектелінген қазақ жерін біріктірді, шаруасын түзеп мәдени дамуына жағдай жасады.

Н. Нұрмақов 1895 жылы қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы уезінде дүниеге келген. Ол әуелі ауыл молдасынан сауат ашып, кейін Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясында білім алды. Семинарияда оқып жүріп, қазақ зиялыларымен танысып, олардың идеяларына ықыласпен қарай бастады [3]. Нұрмақовтың саяси көзқарастары қазақ халқының ұлттық теңдігі, білім мен ғылымға ұмтылу, әділетті қоғам құру ұғымдарына негізделді. Ол кеңестік жүйе аясында жұмыс істеуге мәжбүр болғанымен, өзінің халқының мүддесін қорғауды бірінші орынға қойды.

Нығмет Нұрмақов Кеңестік билік орнағаннан кейін Түркістан АКСР-і, кейін Қазақ АКСР-і аясында түрлі лауазымдарда қызмет атқарды. 1920 жылы Қазақ АКСР-і Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары, кейін Қаржы халық комиссары, Ішкі істер халық комиссары қызметтерін атқарды. 1924 жылы Қазақ АКСР-і Министрлер Кеңесінің төрағасы (Үкімет басшысы) болып тағайындалды [3]. Ол басқарған кезеңде қазақ жерлерін біріктіру, ұлттық кадрларды даярлау, халыққа әлеуметтік көмектер көрсету, білім беру ісін дамыту сынды маңызды реформалар жүргізілді. 1925 жылы ол РКФСР құрамында болған Қырғыз (Қазақ) АКСР-інің астанасын Қызылордаға көшіру шешімін қолдағандардың бірі болды.

Нығмет Нұрмақов кеңестік билік тұсында жұмыс істегенімен, ұлт мүддесін қорғауға тырысты. Ол қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеру, ұлттық мәдениетті жаңғырту, қазақ жастарын білімге тарту мәселелерін үнемі көтеріп отырды. Оның бастамасымен ауыл шаруашылығын кооперациялау, қазақ шаруаларын жермен қамтамасыз ету, ашаршылықтың алдын алу сияқты әлеуметтік-экономикалық шаралар жүзеге асырылды [4].

1937 ж. Кеңес Одағы көлемінде басталған жаппай саяси қуғын-сүргіннің құрбаны Нығмет Нұрмақов та болды. Ол «халық жауы» деген жалған айыппен тұтқындалып, 1937 жылдың соңында ату жазасына кесілді. Бұл оқиға ұлт мүддесі үшін қызмет еткен көптеген зиялылардың тағдырын қайталаған тарихи қасірет болды.

Нығмет Нұрмақов - ХХ ғасырдың басындағы қазақ саяси элитасының көрнекті өкілдерінің бірі. Ол өз заманының қайшылықтары мен шектеулеріне қарамастан, ұлт мүддесіне адал қызмет етті. Оның саяси және мемлекеттік қызметі бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі ретінде бағалануы тиіс. Қазақ халқының саяси санасы мен мемлекеттік құрылымының қалыптасуындағы еңбегі елеулі. Нұрмақовтың өмір жолы - ұлтқа қызмет етудің жарқын үлгісі [5].

Әр халықтың, әр мемлекеттің ұмытылмас оқиғалары болады. Сол оқиғаларға қастерлеп қарау, тарихын ұмытпау - алдағы уақытта жаңа трагедиялық қателерді жібермеу үшін мықыт сабақ болмақ. Міне, Қазақстандағы саяси репрессия жылдары да тарихтың қайғылы бір беті болып санады қалып қойды. Оны ұмытпау, қастерлеп, еске алып отыру – біздің үлкен парызымыз [6].

Қазақстандағы саяси репрессиялар ұлттық элитаны жүйелі түрде жою арқылы халықты идеологиялық басқарудың құралы ретінде жүзеге асты. Бұл процестің қазақ зиялыларына бағытталуы ұлттың рухани дамуына орны толмас залал келтірді. Алаш қайраткерлерінің мұрасы - қазіргі тәуелсіз Қазақстанның тарихи және идеологиялық іргетасы. Осы кезеңді ғылыми тұрғыдан зерттеу ұлттық тарихи жадымызды сақтауда маңызды рөл атқарады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы: «Санат», 1995.
2. Әбдікерімұлы Т. XX ғасыр басындағы ұлт зиялылары. - Алматы: «Алаш», 2006.
3. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2001. 6-том.
4. Қойшыбаев Б. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін. - Алматы: «Атамұра», 2007.
5. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы: «Санат», 1995
6. Әбіл Е.Х. Кеңестік тоталитарлық жүйе және Қазақстан. – Астана: «Фолиант», 2012.

## КЕҢЕСТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНДАҒЫ НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВТЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ТАҒДЫРЫ

**Батырханова А.М.**, МО-22-1к тобының студенті, 3 курс  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.  
*Ғылыми жетекші*– Кенжеғали Ж.М., қауымдастырылған профессор  
[azkenovaanara@gmail.com](mailto:azkenovaanara@gmail.com)

Нығмет Нұрмақовтың қалыптасуы және қоғамдық-саяси аренадағы шығуы. Нығмет Нұрмақов - XX ғасырдағы алғашқы жартысында қазақ халқының қоғамдық- саяси өмірінде елеулі із қалдырған мемлекет қайраткерлерінің бірі. Ол 1895 жылы 25 сәуірді Қарқаралы уезінің Қу болысында сауатты, өнерге жақын, ұлттық құндылықтарды қадірлей білетін әуелеттердің бірі болды. Әкесі Нұрмақ - жергілікті ортада зиятылықты, көркемөнер мен білімге құштарлықты насихаттаған, жан – жақты, дамыған тұлға ретінде белгілі болған [1, 356.].

Нығметтің алғашқы білім алуы өз ауылында ашылған орысша бастауыш мектептен басталды. Кейіннен ол Қарқаралы қаласындағы екі сыныптық орыс – қазақ училищесінде оқуын жалғастырды. Бұл кезең қазақ жастары үшін ұлттық және отарлық мәдениеттер арасындағы қақтығыс кезеңімен сәйкес келді [2] . Алайда жас Нығметтің орыс тілін еркін меңгеруі, оны ерте жасынан – ақ түрлі қоғамдық ортаға еркін бейімделуге қабілетті тұлға көрсетті. 1911 жылы Омбы қаласында ұйымдастырылған Романовтар әулетінің 300 жылдығына арналған ауылшаруашылық көрмесі Нығметтің өміріндегі маңызды бетбұрыс кезеңдерінің бірі болды. Бұл көрмеге оны өзімен бірге алып барған болыс, ықпалды бай Қасен Нығметтің орыс тілін меңгергені және ұлттық дәстүрді терең білетіндігін ескеріп, аудармашы әрі кеңесші ретінде таңдаған. Аталған көрмеде Нұрмақов сол кезеңнің беделді ғалымы, географ әрі этнограф, қазақ даласын зерттеуші Григорий Потанинментанысып, оның кеңестері мен рухани әсерін қабылдады [3].

Сонымен қатар, ол Омбы мұғалімдер семинариясының қызметкері, демократиялық идеяларды насихаттаушы Александр Седельниковпентанысты [4]. Бұл кездесу Нығметтің кейіннен осы оқу орнына түсуіне жол ашты. Семинария қабырғасында оқи жүріп, Нұрмақов болашақ қазақ әдебиеті мен сясатындағы ірі қайраткері Мұхамеджан Саматовпентығыз араласты [5]. Олармен біріге отырып, ұлттық сананы көтеруді, жастардың саяси, мәдени және рухани сауатын арттыруды көздеген «Бірлік» мәдени – ағарту ұйымының негізгі қалаушылардың бірі болды. «Бірлік» ұйымы тек мәдени сипаттағы қозғалыс емес, сонымен қатар ұлт зияларының өзара ынтымақтастағын нығайтқан, саяси- әлеуметтік өзгерістерге дайындық алаңы болған құрылым еді. Бұл ұйым аясында Нығмет Нұрмақовтың саяси көзқарастары қалыптасып, кеңестік кезеңде жүзеге асатын басқарушылық қызметіне іргетас қаланды [6].